

## 6. «AcademCloud» бұлттық қоймасының негізгі беттерімен жұмыс

### Жоспар:

- 6.1 Бұлттық қойманың басты бетін өзгерту
- 6.2 Веб-қосымшада қате болған жағдайды көрсететін файлды өзгерту
- 6.3 «О нас» бетін өзгерту
- 6.4 «Войти в систему» бетін өзгерту

**Мақсаты:** орнатылған AdminLTE шаблонының негізгі беттерін өзгерту бойынша қадамдарымен қарастыру.

**Кілтті сөздер:** жобаның басты беті, «Қате» беті, «О нас» беті, «Войти в систему» беті.

### 6.1 Бұлттық қойманың басты бетін өзгерту

Веб-қосымшаның басты бетіне өту үшін браузерде <http://academ-cloud.kz/> мекен-жайын енгізу керек немесе мәзір жолының тақырыпшасын шерту керек, нәтижесінде жоғарыдағы сурет 5.7-де көрініп тұрғандай, веб-қосымшаның басты беті көрсетілетін болады. Аталған бетті өзгерту үшін C:\OpenServer\domains\academ-cloud.kz\views\site\index.php файлын ашып, ішіндегі барлық кодтар жолын өшіріп, келесі кодтармен алмастырамыз:


```
<?php
$this->title = 'Облачные технологии';
?>
<br>
<div class="site-index">
    <div class="container">
        <div class="row">
            <div class="jumbotron">
            </div>
            <div class="jumbotron">
                <h2>
                    <?php
                    if (!Yii::$app->user->isGuest) {
                        echo 'Уважаемый, ' . Yii::$app->user-
>identity->username . ' !<br/>Добро пожаловать в Облако!';
                    } else {
                        echo 'Уважаемый, гость!<br/>Добро
позаловать в Облако!';
                    } ?>
                </h2>
            </div>
        </div>
    </div>
</div>
```

```

</h2>
</div>
</div>
</div>
</div>

```

Нәтижесінде браузерде веб-қосымшаның бетін жаңартқан соң ол төмендегі сурет 6.1-де көрсетілгендей көрініске ие болады. Жоғарыда көрсетілген php функциясы кейін қарстырылатын тараудың бірінде деректер базасымен байланыс орнатқан соң, егер қолданушы веб-қосымшаға өзінің авторизациялық деректерімен кірсе, базадағы кестеден қолданушының аты-жөнін басты бетте «Құрметті, қолданушының аты-жөні! Бұлтқа қош келдіңіз!» деген жазуды көрсететін болады. Егер қолданушы жүйеге кірмейтін болса, онда «Құрметті қонақ! Бұлтқа қош келдіңіз!» деген жазу көрсетілетін болады.



Сурет 6.1. Веб-қосымшаның басты бетін өзгерткеннен кейінгі көрінісі

## 6.2 Веб-қосымшада қате болған жағдайды көрсететін файлды өзгерту

Браузерде кез-келген мекен-жайды енгізетін болсақ (мысалы, <http://academ-cloud.kz/111>) немесе мәзір жолындағы кез-келген алғашқы үш сілтеменің бірін шертетін болсақ, қате туралы мәліметті беретін бет ашылатын болады. Ашылған бетті өзгерту қажеттілігі


туындайды, ол үшін C:\OpenServer\domains\academ-cloud.kz\themes\adminlte\site\error.php файлын ашып, ішіндегі барлық кодтарды өшіріп, келесі кодтармен алмастырамыз:

```
<?php
use yii\helpers\Html;

$this->title = 'Облачные технологии';

?>
<div class="site-error">
    <div class="site-index">
        <div class="container">
            <div class="jumbotron">
                <h4> <i class="fa fa-spinner fa-pulse fa-3x
fa-fw"></i></h4>
                <h2 class="headline text-info">Ошибка</h2>
            </div>
            <div class="jumbotron">
                <h2>
                    <?php
                    if(!Yii::$app->user->isGuest)
                        echo 'Уважаемый, ' . Yii::$app->user-
>identity->username . ' !<br/>Извините, запрашиваемый Вами ресурс
не найден!';
                    else
                        echo 'Уважаемый, гость!<br/>Извините,
запрашиваемый Вами ресурс не найден!';?>
                </h2>
            </div>
        </div>
    </div>
</div>
```

Нәтижесінде браузерде веб-қосымшаның бетін (біздің жағдайымызда <http://academ-cloud.kz/111>) жаңартқан соң аталған бет төмендегі сурет 6.2-де көрсетілгендей көрініске ие болады.



Сурет 6.2. Веб-қосымшаның қате болған жағдайды көрсететін бетті өзгерткеннен кейінгі көрінісі

### 6.3 Бұлттық қоймадағы қосымша мәліметтерді өзгерту

Мәзір жолының төртінші пункті «Біз туралы» бетін шерткен кезде <http://academ-cloud.kz/site/about> деген мекен-жайы бар веб-қосымшаның беті ашылатын болады, алайда бұл беттің құрылымын өзгерту қажеттілігі туындайды, ол үшін жобаның C:\OpenServer\domains\academ-cloud.kz\views\site каталогында жатқан about.php файлын ашып, ішіндегі барлық кодтарды өшіріп, келесі кодтармен алмастырамыз:

```
<?php
```

```
use yii\helpers\Html;
```

```
$this->title = 'О нас';
```

```
$this->params['breadcrumbs'][] = 'О нас';
```

```
?>
```

```
<div class="site-about"><h4>
```

```
<p>
```

Академическое облако создано в поддержку дисциплины «Облачные вычисления» для обучающихся специальности «6M011100-Информатика».

```
</p>
```

```
<p>
```


Цель: обучение созданию собственного облачного хранилища

```

</p>
<br>
</br>
<p>
    <b><u>Авторы:</u></b>
</p>
<p>
    Садвакасова А.К. докторант PhD кафедры
Информатика ЕНУ им Л.Н.Гумилева
</p>
<p>
    <u>Email: sak79@bk.ru</u>
</p>
    Контактный телефон: 8-708-938-8776
</p>
<br>
<p>
    Серік М. Профессор кафедры Информатика ЕНУ им
Л.Н.Гумилева
</p>
<p>
    <u>Email: serik_meruerts@mail.ru</u>
</p>
</h4>
</div>

```

Нәтижесінде браузерде веб-қосымшаның «Біз туралы» деген бетін жаңартқан кезде аталған бет төмендегі сурет 6.3-те көрсетілгендей көрініске ие болады. Бұл бетте қолданушы кез келген өзінің деректерін қосып өзгерте алады.



### Сурет 6.3. Веб-қосымшаның «Біз туралы» бетін өзгерткеннен кейінгі көрінісі

## 6.4 Аутентификация бетін өзгерту

Мәзір жолының бесінші пункті «Жүйеге кіру» бетін шерткен кезде <http://academ-cloud.kz/site/login> деген мекен-жайы бар веб-қосымшаның жүйеге кіру беті ашылатын болады, бұл беттің де құрылымын өзгерту қажет, ол үшін жобаның C:\OpenServer\domains\academ-cloud.kz\themes\site каталогында жатқан login.php файлын ашып, ішіндегі барлық кодтарды өшіріп, келесі кодтармен алмастырамыз:

```
<?php
use yii\helpers\Html;
use yii\bootstrap\ActiveForm;
use yii\helpers\Url;

$this->title = 'Вход в систему';

$fieldOptions1 = [
    'options' => ['class' => 'form-group has-feedback'],
    'inputTemplate' => "{input}<span class='glyphicon glyphicon-user form-control-feedback'></span>"
];
$fieldOptions2 = [
    'options' => ['class' => 'form-group has-feedback'],
    'inputTemplate' => "{input}<span class='glyphicon glyphicon-lock form-control-feedback'></span>"
];
?>
<div class="login-box">
    <div class="login-logo">
        <a href="#"><b>Облачные технологии</b></a>
    </div>
    <div class="login-box-body">
        <p class="login-box-msg">Войти в систему</p>
        <?php $form = ActiveForm::begin(['id' => 'login-form', 'enableClientValidation' => false]); ?>
        <?= $form
            ->field($model, 'username', $fieldOptions1)
            ->label(false)
            ->textInput(['placeholder' => $model->getAttributeLabel('Логин')]) ?>
        <?= $form
            ->field($model, 'password', $fieldOptions2)
            ->label(false)
```


```

->passwordInput(['placeholder' => $model-
>getAttributeLabel('Пароль')]) ?>
    <div class="row">
        <div class="col-xs-8">
            <?= $form->field($model, 'rememberMe')-
>checkbox()->label('Запомнить меня') ?>
        </div>
        <div class="col-xs-4">
            <?= Html::submitButton('Войти', ['class' =>
'btn btn-primary btn-block btn-flat', 'name' => 'login-button'])
?>
        </div>
    </div>
</div>
<div>
    <a href="<?=
Url::to(['/site/signup']) ?>">Зарегистрироваться</a>
</div>
<div>
    <a href="<?= Url::to(['/site/request-password-
reset']) ?>">Восстановить пароль</a>
</div>
<?php ActiveForm::end(); ?>
</div>
</div>

```

Нәтижесінде браузерде веб-қосымшаның «Жүйеге кіру» деген бетін жаңартқан кезде аталған бет төмендегі сурет 6.4-те көрсетілгендей көрініске ие болады. Бұл бетте кейін қолданушы өзінің логиін мен паролін енгізе отырып, жүйеге кіретін болады.

Бұл беттің төменгі бөлігінде орналасқан «Тіркелу» және «Құпия сөзді қалпына келтіру» деген сілтемелері бар басқа бетке бағыттайтын жолдар кейінгі тарауларда қарастырылатын болады.



## Сурет 6.4. Веб-қосымшаның «Жүйеге кіру» бетін өзгерткеннен кейінгі көрінісі

### Бақылау сұрақтары:

1. Жобаның индекстелген файлы қай каталогта орналасқан?
2. Жобаның басты бетінің кодындағы `Yii::$app->user->identity->username` жолы қандай мағынаны береді?
3. Кез келген беттің тақырыпшасын өзгерту үшін қандай параметрге жүгіну керек?
4. Мекен-жайды қате терген жағдайда жобаның қандай файлы автоматты түрде ашылатын болады?